



Almaty

AQSHAMY



СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Мемлекет басшысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми қоғамдастықпен кездесті

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №28 (6706) 20 наурыз, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Қош келдің, Әз-Наурыз!



www.aqshamnews.kz





СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Мемлекет басшысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми қоғамдастықпен кездесті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапары аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми әлеуетімен танысты әрі университеттегі ғылыми қоғамдастықпен кездесті.

Университет әлеуеті таныстырылды

ҚазҰУ ректоры – басқарма төрағасы Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысына Инновациялық өнімдер орталығының және Farabi Hub-тың жоғары технологиялық жобаларын көрсетті. Хаб базасында креативті индустрия, жасанды интеллект пен стартап жобалары іске асырылады. Осы арқылы 300 жаңа жұмыс орны ашылып, 20 миллион доллардан аса инвестиция тартылды.

Орталықта ZTE, BASF, Vinlin технологиялық корпорацияларының, сондай-ақ басқа да шетелдік жетекші ғылыми ұйымдардың зерттеу алаңдары орналасқан. Бұдан бөлек, мұнда ҚазҰУ-дің ғылыми-зерттеу институттары жұмыс істейді.

Президентке университет жалпы құны 1 миллиард 250 миллион теңгені құрайтын төрт ірі жобаны жүзеге асырып жатқаны жөнінде мәлімет берілді. Олардың қатарында Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірлесе әзірленген микроспутник макеті, «Қашықтан зондтау және оны қолдану технологиясы» зертханасының қызметі, «Цифрлық технология-

лар мен роботты техника» халықаралық институтын және Роботты техника орталығын және Қазақстан–Сингапур кванттық технологиялар орталығын бар. Сондай-ақ, университет базасында орналасқан суперкомпьютер кластері көрсетілді.

Ғалымдармен жүздесті

Бұдан кейін Мемлекет басшысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми қоғамдастықпен кездесті. Президент ғылыми қауым алдында сөйлеген сөзінде бүгінде түрлі мемлекеттер арасында технологиясы озық ел болу үшін қарқынды күрес жүріп жатқанын атап өтті.

– Біз еліміз өсіп-өркендесін десек, ең алдымен, цифрландыру мен жасанды интеллекттің дамуына баса мән беруіміз керек. Бұл – менің Президент ретіндегі ең маңызды мақсатымның бірі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдары ғылым саласында оң үрдістер байқалып жатқанын алға тарта отырып, осындай маңызды жұмысқа атсалысып жатқан ғылыми қауымға алғысын жеткізді. Президент енді еліміздің жаңа Конституциясына сай ғылым саласы

бұдан да жоғары қарқынмен дамитынына назар аударды. Ол сөзінде Ата Заңымызда ғылымның өрісін кеңейту негізгі стратегиялық басымдықтың бірі ретінде көрсетіліп отырғанын атап өтті.

– Мен қазақ ғылымының келешегіне үмітпен қараймын. Әйтсе де, халықаралық тәжірибемен жете таныс адам ретінде отандық ғылымның қазіргі жай-күйін асыра бағалаудан, «толайым табысқа жетті» деп айтудан аулақпын. Дегенмен, ғылымды дамыту үшін бізде инфрақұрылым да, адами әлеует те бар. Үкімет пен ғылыми қоғамдастықтың алдында ортақ стратегиялық мақсат тұр. Ол – анағұрлым тиімді ғылыми орта қалыптастыру, экономикадағы инновацияны ынталандыру, ғылымды өндіріспен барынша ұштастыру. Ашығын айтқанда, шешімін күткен мәселе шаш-етектен, – деді Мемлекет басшысы.

Президент инновациялық саясатты жүргізу құзыреті Ғылым және жоғары білім министрлігіне берілгенін, «Индустриялық PhD» мамандарын даярлау бағдарламасы іске қосылғанын, іргелі зерттеулерді тұрақты қаржыландыру тетігі енгізілгенін, сондай-ақ жетекші ғалымдарға еңбекақы төлеудің жаңа әдістемесі заң жүзінде бекітілгенін алға тартты.

– Алайда, қабылданып жатқан шараларға қарамастан, ғылыми әзірлемелерден ауыз толтырып айтарлық экономикалық әсерімізге жоқ. Бұл жағдайдың себептерін анықтауымыз керек. Ғылым академиясы, тиісті институттар, ғалымдар мен бизнес-қоғамдастық осы тығырықтан шығаратын ұсыныс беруге тиіс. Басқаша айтқанда, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруды қолға алған жөн. Негізі, бұл әлдеқашан орындалуға тиіс міндеті еді. Бірақ ештен кеш жақсы. Стратегиялық мақсатымыз – ғылым мен инновацияға келетін инвестицияны еселеу. Бұл іске жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлер де атсалысуы қажет. Яғни ғылым – жалпыхалықтық іс. Мәселені осылай төтесінен қоямыз керек. Үкімет ғылымды басқарудың нәтижеге құрылған және бизнеспен серіктестікті дамытуды көздейтін тиімді моделін жасақтауы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Ғылымды арқау еткен аумақтар құру»

Ғылыми қауым өкілдерімен кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ғылымды арқау еткен аумақтар құру –

біздің стратегиялық басымдыққа ие мақсатымыз» деп атап көрсетті. Мемлекет басшысының пайымдауынша, ғылым қалашықтары мен қарқынды дамитын қалалар инвестиция және жаңа технологияларды тарту орталығына айналуға тиіс.

– Осы міндетті іске асыру үшін тиісті тұжырымдама қабылданды. Бұл концепцияға сәйкес мықты ғылыми-технологиялық парктер құру жоспарланып отыр. Менің тапсырмам бойынша Курчатова қаласына ғылым қалашығы мәртебесін беру жұмысы басталып кетті. Парламент осындай қалашықтардың құқықтық мәртебесін және қаржыландыру тетіктерін айқындайтын заң жобасын қарап жатыр. Ғылымды арқау еткен аумақтар құру – біздің стратегиялық басымдыққа ие мақсатымыз. Жаңа Конституцияда қарқынды дамитын қалалар үшін арнайы құқықтық режим бекітілді. Сондықтан Alatau City жоғары технологиялар саласындағы инвесторлар үшін тартымды жобаға айналады деп сенеміз. Жалпы, мемлекет өңірлерде ғылым мен инновацияны дамытуға ерекше назар аударып отыр. Соған сәйкес әкімдерге ғылыми-технологиялық саясатты жүргізу құзыреті берілді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жетекші ғылыми орталыққа айналу

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, еліміздің ғылыми-академиялық қоғамдастығына Үндеу жасады.

– Қазақстанның ертеңі қандай болатыны, инновациялық және озық елге айналу мүмкіндігі Сіздердің идеяларыңызға, зерттеулеріңізге, жасаған еңбектеріңіз бен ашқан ғылыми жаңалықтарыңызға тікелей байланысты. Күш-жігер біріктіріп, Қазақстанды Еуразиядағы жетекші ғылыми, технологиялық орталықтардың біріне айналдыра аламыз. Мен бұған сенімдімін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдар жаңа Конституцияның мән-мазмұнын жұртшылыққа терең түсіндіруге айтарлықтай үлес қосқанына назар аударып, ғылым елдікті нығайтудың маңызды құралы екенін айтты. Президент елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





САРАПТАМА

ҚОЛДАУ ТАПҚАН ҚҰЖАТ

Республикалық референдум нені аңғартты?

15 наурызда өткен республикалық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына азаматтарымыз өз таңдауын жасады. 17 наурызда өткен ҚР Орталық референдум комиссиясының отырысында референдумға шығарылған мәселе бойынша оң шешім қабылданғаны жарияланды. Бұл қазақстандықтардың Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан саяси реформаларын қолдағанын көрсетті.

Демократиялық тәжірибе

Референдум тікелей демократияның көрінісі. Өкілді демократиядан ерекшелігі кез келген азамат тікелей саяси шешім қабылдауға қатысады. Билік пен қоғам арасында сайланбалы институттар болмайды.

Соңғы бірнеше жылда Қазақстанда мемлекеттік маңызды мәселелерді референдум арқылы қабылдау секілді жағымды үрдіс қалыптасты. Кейбіреулер мұны саяси популизм мен қоғамдық пікірге манипуляция жасау әрекеті деп сынауы мүмкін. Алайда, бұл азаматтарға да билікке де саяси тәжірибе жинаудың заңды жолы. Оны жүзеге асыру үдерісі ұзаққа созылса да, азаматтардың саяси таңдау жасау тәжірибесін иегереді. Дегенмен, әр жаңашылдықтың өз құны бар. Әсіресе, демократия қаржылай шығынды қажет етеді, соған қарамастан ұзақ мерзімде оның әсері зор болмақ.

Азаматтардың таңдауы

Кез келген саяси науқанның басты көрсеткіші бұл оған азаматтардың қатысу деңгейі. 2026 жылы референдумға қатысуға құқығы бар ел азаматтарының жалпы саны 12 482 613 адамды құрады. Ал дауыс беруге 9 127 192 азамат қатысқан. Бұл референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың

жалпы санының 73,12%-ын құрайды. Республикалық референдум туралы заңнаманың нормаларына сәйкес, егер референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысқан болса, референдум өткізілген деп саналады. Осыған сай, кезекті республикалық референдумды жоғары деңгейде өтті деуге негіз бар.

Екінші мәселе, референдумға шығарылған мәселенің қабылдану немесе қабылданбауы болып саналады. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау туралы мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың

саны 7 954 667 адамды құраған. Бұл дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы санының 87,15% құрады. Референдумға шығарылған мәселені барлығы оң деп қабылдауы мүмкін емес, әрі ол әлемдік тәжірибеде де жоқ құбылыс. Бұл тұрғыда қарайтын болсақ, оң шешім қабылдағандардың үлесі 87%-дан асуы өте жоғары көрсеткіш. Референдум қорытындысы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер төмендегі кестеде көрсетілген.

Саяси белсенділік жоғары

Биылғы республикалық референдумның қорытындысына талдау жасайтын болсақ, қазақстандықтардың елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформаға оң баға бергенін сенімді түрде айта аламыз. Ол үшін бұған дейінгі референдум нәтижелерімен салыстыру қажет.

2022 жылы 5 маусымда республикалық референдумға



(Дереккөз: Ақорда)

1995 жылы қабылданған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі шығарылды. Дауыс беруге 7 млн. 985 мың 769 адам немесе референдумға қатысу құқығы бар азаматтар санының 68,05% қатысты. Егер биылғы қатысу деңгейімен салыстырар бол-

сақ, соңғы 4 жылда елімізде саяси белсенділік артқанын байқаймыз. Демек, референдумды жиі өткізу халықтың белсенділігіне оң әсер етуде.

Сондай-ақ, азаматтарымыздың Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде жүргізіп жатқан саяси реформасын қолдау көрсеткіші де өскен. 2022 жылы қолдағандардың үлесі 77,18% болса, биыл ол 87,15%-ға артты.

Либералды қала саналатын Алматыда да конституциялық өзгерістерді қолдау көрсеткіші өскен. 2022 жылғы өзгерістерді 65,22% алматылықтар қолдаса, бұл жолы 71,36%-ға артқан.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

15 НАУРЫЗ МАРТА		РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ					
	Референдумға қатысу құқығы бар ҚР азаматтарының жалпы саны	Дауыс беруге қатысқан азаматтар саны	Суретсіз оқиғаның үлесі дауыс бергендер	Суретсіз оқиғаның үлесі дауыс бергендер	Жарамсыз деп танылған бюллетендер	Жарамды деп танылған бюллетендер	Жарамды деп танылған бюллетендер үлесі
Абай облысы	400 830	301 799	253 571	84,02%	40 484	3 821	4 123
Ақмола облысы	511 813	407 862	349 283	85,64%	48 822	4 649	5 108
Ақтөбе облысы	577 850	501 974	471 681	93,96%	13 659	9 437	7 217
Алматы облысы	1 030 876	735 496	591 412	80,41%	122 816	10 911	10 557
Атырау облысы	417 426	308 276	242 938	78,81%	54 852	5 825	4 861
Батыс Қазақстан облысы	446 999	307 456	250 311	81,41%	48 146	4 797	4 202
Жамбыл облысы	722 594	613 722	569 074	92,73%	29 041	8 100	7 507
Жетісу облысы	438 381	343 402	309 572	90,16%	24 047	5 253	4 530
Қарағанды облысы	758 931	638 421	535 127	83,82%	83 463	11 300	8 531
Қостанай облысы	537 586	435 848	391 148	89,74%	31 981	6 624	6 095
Қызылорда облысы	493 155	458 090	412 126	89,97%	36 364	4 946	4 654
Маңғыстау облысы	444 875	345 554	322 732	93,40%	9 303	7 844	5 675
Павлодар облысы	499 411	376 163	354 138	94,14%	11 588	5 565	4 872
Солтүстік Қазақстан облысы	365 390	257 172	213 722	83,10%	35 214	4 037	4 199
Түркістан облысы	1 189 002	997 273	919 617	92,21%	54 571	12 266	10 819
Ұлытау облысы	136 795	99 693	83 475	83,73%	12 992	1 614	1 612
Шығыс Қазақстан облысы	485 899	419 093	383 526	91,51%	23 020	6 621	5 926
Астана қаласы	1 012 840	615 310	531 149	86,32%	58 578	14 274	11 311
Алматы қаласы	1 314 844	437 850	312 437	71,36%	105 757	10 816	8 840
Шымкент қаласы	697 116	526 738	457 648	86,88%	53 803	8 058	7 229
БАРЛЫҒЫ	12 482 613	9 127 192	7 954 667	87,15%	398 099	146 558	127 868

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

ел дамуының жаңа кезеңін айқындайды

Конституция – бірлігіміздің негізі. Осы ұстанымды алға тартқан қоғам өкілдері Алматыдағы Қазақстан-Британ техникалық университетінде өткен «дөңгелек үстелде» бас қосты.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Жиында академиялық және сарапшылық қауымдастық өкілдері, депутаттар, саясаттанушылар, әлеуметтанушылар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері жаңа Ата Заңның ел болашағына берер мүмкіндіктері мен азаматтардың құқығын қорғаудағы рөлін саралады.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, қоғам белсендісі Бекнұр Қисықов референдум қорытындыларына қатысты өз пікірін білдірді. Оның сөзінше, бұл оқиға ел өміріндегі жаңа кезеңнің бастауы болып, «Әділетті Қазақстан» идеясының нақты іске асып жатқанын көрсетеді. Ол өз сөзінде бұл үдерісті «жаңа дәуір» деп бағалап, қоғамда

жаңа саяси жүйенің қалыптасып келе жатқанын атап өтті.

«Мемлекет халыққа жақындай түседі, азаматтардың рөлі артады. Бүгінде адам саясаттың объектісі емес, керісінше, оның белсенді субъектісіне айналып отыр», – деді ол.

Ал заң ғылымдарының докторы, профессор Алуа Саламатқызы Президент Жарлығымен құрылған парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының мүшесі ретінде Конституцияны әзірлеу және талқылау процесіне тікелей қатысқан.

«Біз бір жағынан жаңа Конституцияға қатысты талқылау жүргізсек, екінші жағынан осы бағытта ғылыми еңбек те дайындап, кітап шығардық. Қазір заң факультетінде ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Соның ішінде алматылықтарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеміз. Бұл – ашық алаң. Кез келген белсенді азамат келіп, пікір алмаса алады. Конституцияның ел дамуына ықпалын, Қазақстанның әлемдік деңгейдегі орнын және қазіргі күрделі геосаяси жағдайдағы маңызын талқылап отырмыз. Еліміздің бірлігі мен тұрақтылығы осы Конституциямен тығыз байланысты», – деді ол.

ФОРУМ

ЖАСТАР ЖАҢАРУ ЖОЛЫН ТАҢДАДЫ

Алматыда республикалық референдум қорытындысына арналған жақтастар форумы өтті. Асфендияров университетінің «Concordia» театрында ұйымдастырылған іс-шараға оған қоғам белсенділері, жастар ұйымдары, сарапшылар қатысты. Онда референдумның қоғамдық-саяси маңызы мен елдің одан әрі даму бағыттары талқыланды.



Досбол АТАЖАН

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы, Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі, Алматы қалалық жалпыұлттық коалиция басшысы Мейіржан Отыншиев іс-шарадағы сөзінде қатысушыларды жаңа Конституцияның қабылдануымен құттықтап, референдум халқымыздың бірлігі тағы бір рет айқындалғанын атап өтті. Ол жаңа Конституция ең алдымен келер ұрпақтың игілігі үшін қабылданған құжат екенін айта келіп:

– Бұл – қоғамның жаңару жолын санау түрде таңдауының дәлелі. Алматы қаласының тұрғындары әрдайым белсенді азаматтық ұстанымымен ерекшеленеді. Сондықтан алматылықтардың ұсыныстары мен ой-пікірлері жаңа Конституция жобасын қалыптастыру барысында назардан тыс қалған жоқ, – деді ол.

Ал «JAIDARMAN» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының директоры Оңдасын Құлымбетов референдум күні азаматтар белсенділік танытып, азаматтық көзқарастарын ашық білдіргенін атап өтті. Әрі бұл елімізде саяси мәдениеттің қалыптасуының айқын көрінісі екенін баса айтып өтті. Оның пікірінше, жаңа Конституцияның қабылдануы әділетті, прогрессивті Қазақстан құруға жол ашатын тарихи қадам. Сонымен қатар, форум сахнасында «Русское радио» жүргізушісі Ботагөз Тұрсынова, Алматы қаласының студенттік омбудсмені, қала студенттері Альянсының төрағасы Айболат Сембиев, PhD доктор, Satbayev University профессор-зерттеушісі, «SAVENERGY» ЖШС негізін қалаушы әрі басшысы Руслан Нұрлыбаев сөз сөйледі.



ҚМДБ

ОРАЗА АЙТ ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

Бас мүфти қазақстандықтарды құттықтады

Сізді күллі исі мұсылман баласының ұлық мерекесі – Ораза айтпен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын!

Ораза айт – мұсылман қауымын жақсылыққа, мейірімділікке, сабыр мен шүкіршілікке үндейтін ерекше рухани мереке. Бұл күндері қоғамда өзара құрмет, қамқорлық пен бауырмалдық сезімдері артып, бірлік пен татулықтың қадірі айрықша сезіледі.

Ораза айт – қуаныш пен сауапқа бөленетін сәт. Алла Тағала: «Мен парыз еткен оразаны пенделерім өтеп, ақысын алуға (айт намазын өтеуге) мешітке бет алды. Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін...» дейді. Жаратушы Жаббар Иеміз барша-мызды екі дүние қуанышы мен нығметіне бөлегей.

Деніңізге саулық, отбасыңызға бақ-береке, игі істеріңізге сәттілік тілеймін. Алла Тағала қасиетті Рамазан айында



жасаған ізгі амалдарымызды қабыл етіп, мол сауаптан жазғай.

Еліміз аман, жеріміз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай. Әумин!

*Ізгі ниетпен,
Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти.*

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ Қала дайындығы қандай?

Алматының №210 мектеп-лицейінде «Тұрақты және қауіпсіз болашақ үшін экологиялық тәуекелдерді басқару» ұранымен төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарды пысықтауға арналған оқу-жаттығу өтті.



Нұржамал
ӘЛШ

Оған мектеп әкімшілігі, 11-сынып оқушылары, білім ордасының медицина қызметкерлері, сондай-ақ ҚР Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімінің әскери қызметшілері қатысты. Іс-шара барысында қатысушылар шартты түрде туындаған бірнеше төтенше жағдай сценарийі бойынша әрекет етті.



Алғашқы кезеңде «Алматы қаласында 7 балдық жер сілкінісі болды» деген шартты жағдай қарастырылды. Дабыл берілгеннен кейін мұғалімдер сынып жетекшілерімен бірге оқушыларды қауіпсіз жерге – мектеп ауласына эвакуациялап, олардың толық құрамын тексерді. Жаттығу барысында жер сілкінісі кезінде жарақат алған оқушыға құтқарушылар алғашқы көмек көрсетіп, медицина қызметкерлеріне жеткізді.


Келесі кезеңде «мектептің асхана блогында газ иісі шығып, өрт шықты» деген хабар түсті. Бұл жағдайда жауапты тұлғалар шұғыл түрде өртке қарсы қызметке хабар беріп, алғашқы өрт сөндіру іс-шараларын ұйымдастырды. Асхана қызметкерінің ес-түссіз жатқандығы анықталып, құтқарушылар оны қауіпсіз жерге шығарып, медицина қызметкерлеріне тапсырды. Арнайы қызмет өкілдері келгеннен кейін өрттің таралу қаупі жойылып, жағдай толық бақылауға алынды.

Сондай-ақ, жаттығу сценарийі бойынша жер сілкінісінен кейін тұрғын үйінен айырылған азаматтарды мектеп ғимаратында уақытша қабылдау және орналастыру мәселесі де пысықталды. Қатысушылар келген тұрғындарға жатын орын дайындау, алғашқы медициналық көмек көрсету және гуманитарлық қолдау ұйымдастыру тәртібімен танысты. Практикалық жаттығу барысында 5571 әскери бөлімінің әскери қызметшілері де белсенді қатысып, өрт сөндіру және құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бойынша тәжірибелік көмек көрсетті.

Әскери бөлімнен арнайы киім-кешекпен жабдықталған өрт сөндіру есебі, құтқарушылар тобы және оқу мақсатындағы от макеттері тартылды.

– Төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын азайту – қоғам қауіпсіздігінің маңызды бөлігі. Осындай оқу-жаттығулар арқылы біз оқушылар мен ұстаздарға қауіп-қатер туындаған жағдайда сабыр сақтап, дұрыс шешім қабылдауды үйретеміз. Басты мақсатымыз – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың өмірлік маңызды дағдыларын қалыптастыру, – дейді №210 мектеп-лицейінің директоры Гүлнар Ахметова.

ЦИФРЛАНДЫРУ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

ИННОВАЦИЯ ИГІЛІГІ

Бүгінде әлемдік өндіріс саласы түбегейлі трансформация кезеңін бастан өткеріп жатыр. Осы бағыттағы озық шешімдерді тәжірибе жүзінде көрсету мақсатында Алматы қаласында Жаңа материалдар мен аддитивті технологиялар орталығында технологиялық экскурсия өтті.



Дана
САДЫРҚАН

Іс-шара AI Digital Nauryz аясында Almaty Hub пен FatLab алаңының ұйымдастыруымен өткізілді. Оның басты мақсаты – жастарға, студенттерге және жас мамандарға заманауи технологиялардың тек шетелде емес, Қазақстанда да дамып, нақты өндірісте қолданылып жатқанын көрсету.

Экскурсияға қатысушылар өндірістегі инновациялық шешімдермен жан-жақты танысты. Атап айтқанда, жоғары дәлдікпен жұмыс істейтін өнеркәсіптік роботтар, цифрлық инжиниринг құралдары және өндірістік желілерді автоматтандыру жүйелері көрсетілді. Роботтарды бағдарламалауда жасанды

интеллектің қолданылуы олардың тиімділігін арттырып, адам еңбегін айтарлықтай жеңілдететіні атап өтілді.

Өндірістің «цифрлық егіз» технологиясына ерекше назар аударылды. Бұл әдіс арқылы нақты өндірістік процестер виртуалды ортада модельденіп, түрлі сценарийлер сынақтан өткізіледі. Нәтижесінде кәсіпорындар өндірісті тоқтатпай-ақ, ең тиімді шешімдерді таңдай алады. Экскурсияда адам мен машинаның өзара әрекеттестігі де кеңінен таныстырылды. Бұдан бөлек, өндіріс ішінде автономды қозғалатын AGV-роботтар, сондай-ақ өнім сапасын автоматты түрде бақылайтын машиналық көру жүйелері ұсынылды. 3D-басып шығару әдістері – FDM, SLA, SLS арқылы түрлі материалдан бөлшектер жасау процесі көрсетілді.

Іс-шара барысында сөз сөйлеген Unitree Kazakhstan компаниясының техникалық директоры Елнұр Өтебай робототехниканың нақты қолдану бағыттарына тоқталды. Оның айтуынша, қазіргі кезде Ішкі істер министрлігімен бірлесіп интеграциялық жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Болашақта Алматы көшелерінде роботтер патрульдік қызметке шығуы мүмкін. Бұл – робототехниканың қоғамдық қауіпсіздік саласында да маңызды рөл атқара бастайтынын көрсетеді.

БРИФИНГ

ҚАЗАНДЫҚТАР ҚАЛЫПТЫ РЕЖИМДЕ

2025-2026 жылғы жылыту маусымы Алматыда тұрақты өтіп жатыр. Қазандықтарда технологиялық ақау мен апат тіркелмеген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Алматытеплокоммунэнерго» ЖШС бас инженері Павел Леденцов мәлімдеді.



Кәсіпорын қаладағы негізгі жылу өндірушілердің бірі. Қазандықтар Алматының жеті ауданында орналасқан және тұрғын үйлерді, әлеуметтік нысандарды, кәсіпорындар мен ұйымдарды жылумен қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, қаладағы жылу мен ыстық су қажеттілігінің шамамен 35 пайызы осы кәсіпорынға тиесілі. Қазіргі таңда кәсіпорынның қазандықтарынан 8560 абонент жылу алады. Олардың қатарында 3393 көпқабатты тұрғын үй, 81 мектеп, 63 балабақша, 37 аурухана және өзге де нысандар бар.

Мамандардың айтуынша, жылу беру кезінде негізгі параметрлер қатаң

бақылауда ұсталады. Қысым мен температура белгіленген кестеге сай реттеліп, жабдықтардың жұмысы тәулік бойы қадағаланады. Жедел қызметкерлер төрт ауысыммен жұмыс істейді. Қандай да бір ақау байқалса, жүйе бірден резервтік қуатқа ауыстырылып, жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Кәсіпорын келесі жылыту маусымына дайындықты да бастап кеткен. Қазіргі уақытта жөндеу жұмыстарына қажетті жабдықтар мен қосалқы бөлшектер сатып алынууда. Жаз мезгілінде қазандықтарды кезең-кезеңімен тоқтатып, жоспарлы жөндеу жүргізіледі.

Сонымен қатар, бірқатар қазандықтарды жаңғырту жұмыстары қолға алынған. «Орманова» қазандығын қайта жаңарту жобасы басталса, «Старо-элеваторская» нысаны бойынша мердігер анықталуда. Бұдан бөлек, тағы жиырма шағын қазандықты жаңарту жоспарда бар. Өткен жылы да жабдықтарды жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Бірнеше қазандықта агрегаттар, сорғылар мен жанарғылар ауыстырылып, шағын қазандықтар қайта жаңғыртылды. Мамандардың айтуынша, жылумен жабдықтау жүйесінің сенімділігі инфра-құрылымды тұрақты жаңғыртуға байланысты. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы жылдары да жалғасады.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

ТІЛІМНІҢ ШҰРАЙЫН


Ұлт мәдениетінің асыл мәйегі – құнарлы тіркес, құйқалы тіл, әсерлі әңгіме, Ұғызді ән. Соңғы кездері ғаламдасуға мінгесе жеткен, бірте-бірте зорайыңқырап, қатқыл қадамы тіптен алдырмауға айналған капитализм кеңістігі алып дүмпуге айналып отыр. Бастан-аяқ өзгерген өмір тәртібі мен тұрмыс тәсілі біздің салт-санамызды жұтаңдатып, тілдің бар құнарын шайып жатқандай. Өзге тілде ой ширатқанға үйірсек, қазақы танымға келгенде үргенектен қалатын замандас құрбы-құрдастың тіл мәдениетіне талап қойып қарасаңыз, ашып айтуға, ашық талдауға тиіс көп кілтпан барын ұғынасыз. Кейбірін тізбелеп көрелік.

Ютуб алаңында Моңғолия қазақтарының тыныс-тіршілігін баяндаған бір азамат қасындағы баладан «Жылқыға қанша жасыңнан бастап отырдың?» деп сұрайды. Алғаш естігенде абдырап қалдық. О бастан ұлттық танымға жетік Бай-Өлке қазақтары да Қазақстаннан жеткен «жортарман журналистің» сөзін жепелдемеде ұға қоймайды. Дағдарып қалады. Ойға қонымды нұсқасы «Неше жасыңнан бастап атқа мініп жүрсің?» еді ғой. Амал нешік, қазіргінің қазағы атқа мінбейді, «атқа отырып жүр». Кей-кейде зымырандай қарқын алған сәттермен секундтарға қарап: «Қос ат мініп шапсаң да жеткізбейтін қайран уақыт-ай!» деп кейіс білдірер едік («Қос атқа отырып шапсаң да...» деуге ауыз бармайды екен).

Еліші – өнер кеніші. Елішінде ат баптаған сайыпкер, ит жүгіртіп, құс ұшырған саяткер жетерлік. Бірақ сол саятшылық санатында да сөзіміз сұйылып бара жатқандай көрінеді.

Саятқа тән сөз, сөз ғана емес, орайлы мақтан, озық нәтиже баяны – алу мен шалу. Қазақы танымға жетік саятқұмар серінің, асқан өнерпаз жігіттің сөзіне құлақ түре қалсаңыз: «Былтыр мынау шашақ құлақ құмай тазым бес қарсақ шалды, Ақтүйғыным алты қоян алды» деп айтқан әсерлі әңгімесін естіген болар едіңіз.

Әрине, қарсақ пен қоян санын сана безбеніне сала отырып жазып шыққан біз. Мазмұны ұғымды болсын деп айтып отырған түріміз. Мағынасы қораш болса да мәні ұғынықты: тазы – шалады, бүркіт – алады. Дәл осы алу мен шалуды да қыздықызыммен «ұстады» деген етістікке айырбастап жібермесек болды. Саф қазақ «Заманың түлкі болса, тазы болып ұста» демес еді, «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» дер еді. «Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамайды» деп істің аңдысына ой қыдыртпас еді, «Жел тұрмаса, шөптің басы қи-



КІМНЕН СҰРАЙЫН?..

мылдамайды» деп нақ түйіп айтар еді.

Өткенде Журналистика факультетінің студенттерімен бірге «Балалардың көпшілігі қашқанмен, біреуі итердің шабуылына ұшыраған» деген түйеден түскендей қара-дүрсін сөйлемді талдадық. Телехабар не ақпарат порталының мәтіні болуға тиіс. Әдетте қасқыр не ит шабуылдамайды, шабады.

Мәселен, «Қойға қасқыр шауып, қарнын не ішін жарып, іреп кетіпті». Әлі күнге дейін есімде. Бала кезімізде көршіміздің малына қасқыр шапқан. Бұл ұлымаң тұтас отарға шапса орағытып, тірі етке ашкөзденіп, қомағайланып кетеді екен де, бірді-екілі ұсақты жеп қанағат қылмай, шетінен ішін жа-

рып кете береді екен. Ақырында ұсақ малдың дені харам болып, өлшеусіз шығын шықпақ. Амал-әрекеті түсінікті. Қылыш кейіпті шауып түседі. Ал қорақосы іргесінде апан қазып, бөлтірігін өрбітсе, үй малына тиіспейді, жемтігін алыстан тартып әкеледі, бақташыға бақ-дәулет бітеді, ырысы тасиды. Бұл хақында өткенде бір қариядан естіп-біліп, таңқалыстық.

Ие. Ит-құс қораңда тұрған малыңызды алып кетсе – тартып кетеді, мойнынан алса – тамақтап кетіпті деп айтамыз. Ал енді «ит тістеді», «ит шабуылдады», «түлкі ұстады» деп «аузымен құс тістеп» жүрген жарандарды қайтеміз?! Олар да өз қазағың ғой...

Дастан ҚУАНДЫҚҰЛЫ.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

БАҒА БАҚЫЛАУДА

Алматыда әлеуметтік маңызы бар Азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша кешенді шаралар жалғасуда. Бағаны ұстап тұру үшін өңірлік тұрақтандыру қоры, жеңілдікті қарыздар және өндірушілер мен сауда желілері арасындағы форвардтық келісім-шарттар жүйелі түрде қолданылып келеді. Бұл жұмыстарды «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жүзеге асыруда.

KZ өнімдері 1250 теңге деңгейінде тұрақтандырылған. Magnum желісінде бұл өнімдер 1438 теңгеге дейінгі бағамен ұсынылады. Бағаны тұрақтандыру мерзімі – үш жылға дейін.

Сонымен қатар, Magnum Cash&Carry арқылы жалпы көлемі 10 440 тонна көкөніс (картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат) белгіленген бағамен сәуір айының соңына дейін сатылуда. Бұдан бөлек, осы сауда желісімен 606 тонна әлеуметтік маңызы бар 11 түрлі өнім бойынша келісім жасалған. Олардың қатарында қарақұмық, күріш, макарон, күнбағыс майы, сүт өнімдері, ет, ұн және тұз бар. Бұл келісім наурыз айының соңына дейін күшінде.

Қант бағасын тұрақтандыру мақсатында «Алматы» ӘКК 4500 тонна отандық өнім сатып алған. Оның бастапқы бағасы келісіне 405 теңге, ал сауда үстемесі 10%-дан аспайды. Қант Magnum, Small, Toimart, «Столичный», «Юбилейный» және басқа да сауда желілерінде сатылады. Бағаны тұрақтандыру шаралары қараша айына дейін жалғасады.

Жалпы, қабылданып жатқан шаралар қала нарығында бағаның негізсіз өсуіне жол бермей, тұрғындарды қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған.

«АЛМАТЫ ТЫНЫСЫ» ЭКОСЕМИНАРЫ ӨТТІ

«Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы Алматының төл мәдениетіне айналып келеді. Соған сай, «Таза Qala» жобасы шеңберінде «Алматы тынысы» атты экосеминар өтті. Оған Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасына қарасты Қоғамдық даму орталығы ұйытқы болды. Экосеминарға қаладағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері, педагогтер мен әдіскерлер қатысты.



Дастан
ҚАСТАЙ

тыру жолдарын, тың тәсілдерін талқыға салып, ой алмасты.

Іс-шарада аға оқытушы, жас зерттеуші Жақыпова Алтынай «Жасыл балабақша» тұжырымдамасын таныстырды. Маманның айтуына қарағанда, жоба мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениеті мен табиғат жайлы кең дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінде Алматы қаласында «Жасыл балабақша» жобасы аясында 33 балабақша жұмыс істеп жатыр. Әр мекеме өз мүмкіндігіне қарай жасыл кеңістіктер құрып, балалардың экологиялық сауа-

Бұл акция экологиялық білім беру жүйесін дамыту, балдырғандарды қоршаған ортаны сүйеге тәрбиелеу, қоғамда экологиялық сауат қалыптастыру ісін ілгерлету әрі табиғаттану тағылымын заман талабына сай түсіндіруді мақсат еткен.

Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасы, Қоғамдық даму орталығының ғылыми және білім беру саласымен өзара әрекеттесу бөлімінің басшысы Бақытгүл Қасыметова бастаманың маңызына тоқталды:

– «Таза Qala» экожобасы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатқа ұқыпты қарау дағдысын дамытуға және қаламыздың тазалығын сақтауға бағытталған. Экология, табиғатты аялауға қатысты таным-түсінік, өз айналаңа да жауапты болу түсінігі бала кезден қалыптасады. Дәл осы ерте жаста табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыпты қарау әдеттері орнығады», – деді Бақытгүл Қасыметова.

Семинар барысында мамандар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы экологиялық мәдениетті қалыптас-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

тын арттыруға бағытталған бастамаларды жүзеге асырып келеді.

Мамандардың сараптауынша, бұл бағытта педагогтердің де білім-білігі, табиғат-ананы қорғап, аялауға шақыруға машықтанғаны маңызды. Тәрбиешілердің экологиялық білімі мен әдістемелік құзыреті балаларға табиғатты қорғау мәдениетін дұрыс жеткізудің негізгі тетігі саналады. Семинар соңында қатысушылар экологиялық тәрбиені дамыту бойынша тәжірибе алмасып, болашақта бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқыға салды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазіргі таңда «Алматы» ӘКК отандық өндірушілермен бірқатар келісімдерге қол жеткізген. Мәселен, «Сары-Бұлақ» құс фабрикасымен жасалған келісімге сәйкес, 2027 жылдың қазан айына дейін 86,4 млн. дана бірінші санаттағы жұмыртқа жеткізіледі. Сауда желілерінде оның бағасы 59 теңгеден аспайды. Өнім Magnum, Small, Metro, A-store желілерінде және «Алатау-құс» дүкендерінде сатылады.

Құс еті бойынша да баға шектелген. «Алатау-құс» фирмалық дүкендерінде сан мен жамбас еті 1100 теңгеден, сирақ 1650 теңгеден сатылса, Nauruz Agro



Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!



ЖАҢА ҰЛТТЫҚ РЕКОРД

11500 домбырашы шаһарды шалқытты

Алматыда ерекше рекорд тіркелді. 11500 домбыраның үні Наурыз мерекесінің дабыралы жаңғырығы сынды қаланы желтіндіріп тастады. Мұндай айрықша іс-шара Білім басқармасының «Домбыра үні» атты ауқымды мерекелік флешмобы аясында өтті.

Қымда өтті. 200-ден астам мектеп пен қосымша білім беру ұйымдарында домбыра ансамбльдері құрылып, жобаға негізінен 7–10-сынып оқушылары қатысты. Бірнеше апта бойы мыңға жуық педагог 11 500 жас домбырашыны тарихи сахнаға дайындады.

– Домбыра – ұлттық мәдениетіміздің маңызды бөлігі әрі бренді. Сондықтан да бүгінгі іс-шараға тыңғылықты дайындық жасадық. Бірнеше ай бұрын Алматы қаласының барлық білім беру мекемелерінде шағын ансамбльдер құрылды, дайындық қызу жүрді. Ұлттық аспапқа деген оқушылардың ынтасы да жоғары болды. Міне, бүгін бәріміз үлкен Аренада соның нәтижесіне куә болып отырмыз, – деді Алматы қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Сәкен Аралбаев.

Мыңдаған домбыраның үні бір арнада үндесіп, жас ұрпақтың бірлігі мен өнерге деген құрметін айқын көрсетті. Барлық талаптың сақталуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан рекордтар кітабының мамандары іс-шараға арнайы қатысты. Олар қатысушылар санын есептеп, орындаудың үйлесімділігі мен ұзақтығын (4 минут 38 секунд), сондай-ақ бағдарламаның бірегейлігін мұқият бағалады.

Флешмоб соңында Қазақстан рекордтар кітабының өкілдері «Жаппай жетістіктер» санаты бойынша жаңа ұлттық рекордтың орнатылғанын ресми түрде жариялады. Арнайы сертификат Алматы қаласы әкімдігінің Білім басқармасына салтанатты түрде табыстады. Бұл жетістік былтыр Талдықорғанда (5000 қатысушы) және оған дейін Атырау (2010 ж. – 1073 адам), Орал (2010 ж. – 1700 адам), Астанада (2024 ж. – 3200 адам) тіркелген көрсеткіштерден асып түсті.

Дайындық жұмыстары қала бойынша кең ау-

Досбол
АТАЖАН

«Алматы Арена» кешенінің мұз айдыны ұлттық киім киіген алматылықтарға айқара есік ашты. Наурыз мерекесі қарсаңында тұрғындар үшін тегін коньки тебу ұйымдастырылды. Тек бір ғана шарты бар – келушілер ұлттық киіммен келуі тиіс. Қала тұрғындары сағат 16.00-ден 20.00-ге дейін тегін сырғанай алады.

МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ



Нұрлан
СҮЙІН

Осындай игі бастама мегаполистегі үш бірдей мұз айдынында қатар өтіп жатыр. «Алматы Арена» кешенінен бөлек, «Халық Арена» мен «Олимпик» мұз айдындары да келушілерге ашық.

Аренаға кірген сәттен бастап қонақтарды ыстық шай мен бауырсақ қарсы алады. Коньки де осы жерден алуға мүмкіндік қарастырылған. Бір сөзбен айтқанда, келушілерге барлық жағдай жасалған.

Бұл акция туралы естіген алматылықтар Аренаға ағылуда. Отбасымен де, топтасып та келіп жатқан тұрғындар көп. Ең қуантатыны – келушілердің басым бөлігі ұлттық киімде. Бұл Наурыз мерекесінің мәні мен мазмұнын айшықтай түседі.

Он жастағы Жасұлан да бүгінгі мүмкіндікті жоғары бағалайды:

– Бұл акция туралы естіп, Аренаға әжеммен келдім. Коньки тебуді жақсы көремін. Қаладағы мұз айдындарының көбін білемін. Ал бүгінгі мүмкіндік ерекше қуантты, шартқа сай ұлттық киім киіп келдім. Сырғанаудан бөлек, домбыра тартуға да әуеспін. Мектептегі өнер байқауларына қатысамын. Сондықтан ұлттық киім мен үшін таңсық емес. Осындай мүмкіндікке әжемнің арқасында жетіп отырмын, – дейді ол.



АЛМАТЫ ӘЖЕЛЕРІ

Ұлттық нақыштағы киім дефилесін көрсетті

Дәл қазір ару Алматы көктемнің, Наурыз мейрамының Дүшарағанда тербеліп тұр. Олай дейтініміз – мегаполистің барлық ауданында ұлттық нақыш, ою-өрнек салтанат құрған. Ақшаңқан киіз үйлер, алтыбақан, ән-жыр, той-думан көмкеріп алған.



Нұржамал
ӘЛІШ

Иә, Алматы бұл күнде тек қала емес, ол мейірімге, молшылыққа, шаттыққа толы үлкен бір шаңыраққа айналып кеткендей. Шаһардың Орталық мәдениет және демалыс саябағында да сондай бір айшықты мереке өтті. Оған мұрындық болған қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы.

«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» демекші, бөрік-шапаны жарасқан ақсақалдар мен аппақ кимешегі келіскен әжелер үлкен саябақты сәнге бөледі. Олардың шашбауын көтере келген ұлттық киімдегі жастар да жарқырап жүр. Ойынға қызыққан кішкентай балдырғандардың күміс күлкісі де көктемге жылылық беріп тұрғандай.

«Наурыз – жаңару» деп айдар тағылған салтанатты той-думанға аталған орталықтың Медеу және Бостандық аудандық бөлімшелерінің хор және би ұжымдары бірлесіп өнер көрсетті. Сонымен қатар, зейнеткерлер сахналық қойылым ұсынды.

Бұған дейін шетелдерге шығып фэшн-шоу подиумынан көрініп жүрген модель-әжелердің заманауи дефилесі де

көпшілікті тәнті етті. Дефиле – бұл жәй ғана киім үлгісін көрсету емес, денені тік ұстай білу, әр қадамның нық және сенімді болуы, бет-әлпет эмоциясы, сондай-ақ жалпы образды көрерменіне шынайы жеткізе білу. Сән әлеміндегі әдемі «Алматы әжелері» осы үдеден шығып жүр. Сондай-ақ, өнер мен стильдің жас талғамайтынын да көрсетуде.

«Наурыз – жаңару» той-думанында «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы қызмет алушыларының қолынан шыққан сәндік-қолданбалы өнер туындыларының көрме-жармеңкесі де жарасым тапты. Саябақта сейіл құрып жүрген алматылықтар мен қала қонақтары Наурыз-көже мен бауырсақтан ауыз тиді.

Домбыраның қоңыр үні мен жанды тербел әкелер әсем әуендер үлкенге де, кішіге де мерекелік көңіл күй сыйлады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле БЕКТЕАЕВА, Алматы қалалық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының директоры:

Ізгілікке толы мереке

Наурыз – бұл тек көктемнің келуі ғана емес, ол – адамдардың жүрегіндегі жаңару, мейірім мен бірліктің нығаюы, барлық жақсылықтың бастауы. Міне, бүгін өздеріңіз де куә болып тұрғандай, зейнеткерлер бір-бірімен қауышып, құшақтасып, бір-біріне амандық тілеп, мәре-сәре болуда. Орталық мәдениет және демалыс саябағында би билеп, ән де салуда. Біздің мақсатымыз – аға буын өкілдерінің қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасап, олардың шығармашылық әлеуетін көрсету. Осындай рухани, мәдени, ізгілікке толы іс-шаралар арқылы қоғамда үлкенге құрмет, кішіге ізет дәстүрі одан әрі жалғасын таба бермек.

ҰЛТТЫҚ КИІМ СӘНГЕ АЙНАЛДЫ

Алатау ауданындағы креатив Орталығында «Ethno Fashion» ұлттық киімдер флешмобы өтті. Ұлттық киімнің тарихи-мәдени маңызын насихаттап, этно-fashion бағытын дамыту және дәстүрлі мұраны заманауи сән индустриясымен ұштастыруды мақсат еткен іс-шара қала тұрғындарының көңілінен шықты.

Флешмоб аясында «Qazaq Öner» ұлттық ассоциациясының президенті Айгүл Жансерікбаева ұсынған «Aiqul Live» жеке брендинің топтамасы, сондай-ақ А.Садықбаеваның «Алаша» топтамасы және өзге де дизайнерлік жұмыстар көпшілік назарына ұсынылды.

Дизайнерлердің сөзінше, соңғы жылдары ұлттық нақыштағы этностильге бет бұрғандар қатары айтарлықтай артқан. Айталық, этнодизайнер Айгүл Жансерікбаеваның айтуынша бәсеке де күн сайын артып келеді.

– Бұл салада еңбек етіп жүргеніміз біраз уақыт болды. Негізгі мақсатым – ұлт санасына этномәдени құндылықтарды сіңіру. Бұл бағытта ұлттық киімнің орны ерекше. Бұрын менің топтамаларыма музей жәдігеріндегі қарайтындар көп еді. Қазір керісінше, этностильдегі киімдерге сұраныс артып келеді. Әрине, киім заманауи талапқа сай ыңғайлы әрі сәнді болуы тиіс, – дейді дизайнер.

Қазақстанның әрбір азаматы көрші елдерден келетін арзан әрі сапасыз киімдерден бас тартып, отандық таза шикізаттан тігілген, сапалы әрі сәнді киімдерді таңдауын күн алыс емес деген сенім ұялайды.

күй қалыптастырды. Іс-шара тек музыкалық орындаумен шектелмей, қатысушылар мен ұйымдастырушылар арасында мазмұнды байланыс алаңына айналды. Жастарға ұлттық өнерді дамыту, сақтау және насихаттау бағытында маңызды ақпараттар ұсынылып, пікір алмасу ұйымдастырылды.

Алматы қаласы «Аманат» партиясы жанындағы «Жастар рухы» Жастар қанатының төрағасы Дидар Ділдібаев өз сөзінде: – Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» демекші, домбыраның күмбірімен Наурызды республикалық деңгейде атап өту – маңызды. Мұндай іс-шаралар жастардың өнерге деген сүйіспеншілігін арттырады», – деп атап өтті.

– Алматы қаласында 80-нен астам колледж бар. Солардың ішінен 500-ге жуық студенттің қатысуы – жоғары көрсеткіш. Бұл іс-шараның мақсаты – жұмысшы мамандықтарын меңгеріп жатқан жастардың ұлттық құндылықтарға, күй мен дәстүрге деген патриоттық сезімін арттыру. Сонымен қатар, қала тұрғындарына ерекше көңіл күй сыйлау. Колледждер қатысуымен мұндай формат алғаш рет ұйымдастырылып отыр», – деді Print media технологиялар колледжі директорының орынбасары Айдар Күнтубай.

«КҮЙ КҮМБІРІ»

«Жаңару күні» мерекесіне орай Алматыда «Күй күмбірі» акциясы ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шараға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 500-ге жуық студенті қатысты. Ауқымды жыныды Алматы қалалық «Жастар рухы» Жастар қанаты өткізді.



Дана
САДЫРҚАН

Акция барысында қатысушылар қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мұрасын дәріптеп, әйгілі «Ерке сұлқым» халық күйін бір мезетте орындады. Күмбірлеген домбыра үні арқылы жастар ұлттық мәдениеттің тереңдігі мен байлығын паш етті. Бұл көрініс қала тұрғындарына ерекше рухани әсер сыйлап, мерекелік көңіл

ЖАҢАРУ КҮНІ:

қалада 400-ден астам ағаш егілді

Мереке қарсаңында Алматыда коммуналдық қызмет пен жергілікті тұрғындар қатысқан аумақтарды тазалау және көгалдандыру бойынша экологиялық акция өтті. Жалпы, мереке қарсаңында 1000-нан астам көшет отырғызылды, оның ішінде 400-ден астамы Жаңару күні аясында егілді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мәселен, Түркісіб ауданында Қонаев атындағы өндірістік кооператив аумағында жапырақты ірі 139 ағаш егілді. Әуезов ауданындағы №1 шағынаудан скверінде 30 түп ағаш отырғызылды. Ұйымдастырушылар мұндай бастамалардың экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталғанын атап өтті.

Аудандағы акцияға жүзден астам адам, атап айтсақ, еріктілер, оқушылар, студенттер және жергілікті тұрғындар қатысты. Олар қаланы көгалдандыру мен қоршаған ортаны жақсарту үшін жиналды.

Іс-шараға қатысушылардың бірі Галия Ермұханова ағаш егумен қатар, оларға тұрақты күтім жасау маңызды екенін айтты. «Ағашты күтіп-баптауға тұрақты суару, санитарлық және қалыптастыру келтіріп кесу, зиянкестермен күресу және топырақты қолысу кіреді. Бірнеше жыл өткен соң өңбегінің нәтижесін көру ерекше қуаныш сыйлайды», – деді ол.

Сонымен қатар, Наурызбай ауданында Абай даңғылы мен Әшімов көшесінің қиылысында 75 ірі ағаш егілді.



Жетісу ауданындағы «Ратушның» скверінде 50 жапырақты ағаш көшеті отырғызылды. Алмалы ауданында Розыбакиев көшесінің бойында (Дүйсенов көшесінің қиылысында) 20 ірі ағаш егілді.

Айта кетейік, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында 2025 жылы Алматыда 420 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды. Оның ішінде 42 мың ағаш (5-6 метрлік 5 мың ірі ағаш және 2,5 метрлік 37 мыңнан астам көшет) бар. Сонымен қатар, бүферлік аймақтарды көріктендіру аясында 380 мың бұта егілді.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АЛМАТЫ мен ТАЛЛИН

ұстаздарының арасында алтын көпір орнады

Алматы үш күн бойына халықаралық білім беру алаңына айналды. Дәлірек айтсақ, мегаполиске Эстония мемлекетінен Таллин қаласы әкімінің орынбасары Андрей Канте бастаған ұстаздар делегациясы келген болатын.

Нұржамал
Әліш

Сапар барысында меймандар үшін «Оқытудың инновациялық моделі. Қазақстан мен Эстонияның білім беру жүйелері» атты үш күндік интенсивті тағылымдама ұйымдастырылды. Қонақтар Алматының әлеуметтік қолдау және инклюзия жүйесімен танысып, кедергісіз орта қалыптастыру тәжірибесі енгізілген орталықтар мен мектептерді аралады.

Шетелдік әріптестер біздегі қосымша білім беру жүйесінің мықтылығын және шығармашылық үйірмелердің оқу үдерісімен байланысы аса жоғары екендігін атап өтті. Соның ішінде Еуропа елдерінде кеңінен қолданылатын CLIL инновациялық әдістемесін ұсынды.

– Бұл сапар біз күткеннен де жоғары эмоционалдық әсер қалдырды деуге болады. Және педагогтердің кәсіби шеберлігі тәнті етті. Алматыдағы білім беру процесінің ұйымдастырылуын және за-



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

манауи тәжірибелерді, инновацияларды енгізудегі жүйелі тәсілді жоғары бағалаймыз, – деді Таллин қаласы әкімінің орынбасары Андрей Канте.

Айта кетейік, бұған дейін, нақтырақ айтсақ, 2022 жылы мегаполис мектептерінің директорлары «Алматы мектептері» бағдарламасы аясында Эстонияда

тағылымдамадан өткен болатын. Сол уақыттан бері қала мектептерінде шетелдік үздік тәжірибелер қарқынды түрде енгізілуде.

– Эстондық әріптестер №94 мектеп гимназия ұжымы мен оқушылары та ныстырған «Жасыл мектеп» деген тың жобаны жоғары бағалады. Ал №136 мектеп-гимназия шәкірттері жобаларын түгел ағылшынша қорғады. Және меймандарға біздің этномәдениетімізді, ұлттық ойындарымызды, киіз үйіміздің жабдықтарын көрсетті, – дейді Алматы қаласы Білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы директорының міндетін атқарушы Ардақ Смағұлова.

Эстония делегациясы Абай университеті мен Сорбонна-Қазақстан институты базасында болып, педагог кадрларды даярлаудың заманауи тәсілдері мен инновацияларды енгізу мәселелерін талқылады. Тағылымдама қорытындысында ынтымақтастықтың жол картасына қол қойылды. Енді Алматы мен Таллин мектептері мен білім беру ұйымдары халықаралық жобаларда бірлесіп еңбек ететін болады.

ЧЕМПИОНАТ

НАУБАЙШЫЛАР ШЕБЕРЛІГІ СЫНАЛДЫ

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде «MasterSkills-2026» қалалық кәсіби шеберлік чемпионаты өтті. Сервис және қызмет көрсету бағыты бойынша ұйымдастырылған байқауға техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педагогтері қатысты.

Іс-шара ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен, Алматы қаласының Білім басқармасы тарапынан ұйымдастырылды.

Ашылу салтанатында Қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының әдіскері Дидар Әділманова байқаудың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, чемпионат педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, озық тәжірибені таратуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жеңімпаз республикалық кезеңде Алматының намысын қорғайды.

Байқауға кемінде үш жыл еңбек өтілі бар колледж оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері қатысты. Сайыс «Наубайхана шеберлігі» құзыреті бойынша екі кезеңнен тұрды. Қатысушылар алдымен ашытқысыз қамырдан дәстүрлі бағет дайындаса, екінші кезеңде «Наурыз» тақырыбын-



да сәндік нан композициясын жасады. Барлық тапсырма алты сағат ішінде орындалды. Қазылар алқасы жұмыстарды «WorldSkills» стандарттарына сай бағалады. Колледж директоры Асхат Жанбосыновтың айтуынша, бұл чемпионат – мамандар

үшін тәжірибе алмасып, кәсіби деңгейін арттыратын маңызды алаң. Айта кетейік, мұндай байқаулар жұмысшы мамандықтарының беделін көтеріп, білім беру сапасын арттыруға жол ашады.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

КӘСІБИ БАЙҚАУ

БАСПА ДИЗАЙНЕРЛЕРІ САЙЫСҚА ТҮСТІ

Шаһарда колледж студенттері арасында «Кітаптар мен журналдар үшін арт-контент жасау» атты кәсіби шеберлік байқауы өтті. Байқауға Ішкі саясат басқармасының Қоғамдық даму орталығы және қалалық Білім басқармасы қолдау көрсеткен болатын.

Рая
ЕСКЕНДІР

«Принтмедиа технологиялар колледжінде» өткен байқауға еліміздегі барлық мемлекеттік колледж басшылары, баспа директорлары, Қазақстанның баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығының, принтмедиа-индустрия саласында жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен студенттері қатысты.

Аты айтып тұрғандай, кәсіби шеберлік байқауының негізгі мақсаты – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытып, заманауи дизайн мен баспа ісі саласындағы кәсіби дағдыларын жетілдіру. Байқауға қатысу үшін еліміздің әр өңірінен келген колледж студенттері кітап және журнал өнімдерін көркем безендіру, иллюстрация жасау, графикалық дизайн әзірлеу бағыттары бойынша сынға түсіп, өз шеберліктерін көрсетті.

Сонымен қатар, қатысушылар ав-

торлық жобаларын қорғап, креативті идеялары мен техникалық мүмкіндіктерімен таныстырды. Қазылар алқасының мүшесі Абзал Отабаев жұмыстарды бағалау барысында композициялық шешім, көркемдік деңгей, мазмұнның үйлесімділігі, заманауи цифрлық технологияларды қолдану шеберлігіне ерекше назар аударғандарын жеткізді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай кәсіби байқаулар студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, еңбек нарығында сұранысқа ие маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Бұған қоса, іс-шара шығармашылық индустрия мен баспа ісінің дамуына серпін беріп, жас мамандардың кәсіби бағыт-бағдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Байқау нәтижесінде үздік деп танылған Жамбыл политехникалық колледжінің студенті Дулат Русланұлы мен Қарағанды цифрлық технология мен дизайн колледжінің студенті Елизавета Чудаева I орын, ал II орынды ҚАЗБСҚА колледжінің студенті Дана Омарбек пен Жамбыл политехникалық колледжінің студенті Артем Онюшев, III орынды ҚАЗБСҚА колледжінің студенті Бексұлтан Тәжіхан мен «Принтмедиа технологиялар колледжінің» студенті Вероника Радзицкая иеленді. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.





Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ЖАҢАРДЫ

Көкпар енді тек ауылда емес, қалада да қызады

Спорт көпшілік үшін қолжетімді болса, оның бұқара үшін тартымдылығы арта түседі. Кез келген адам қатысып, өзі ойнап көре алатын спорт түрлерінің дүние жүзіне таралып, әлемдік деңгейде мойындалуы да оңай.



Досбол
АТАЖАН

Мысалы, футбол үшін доп және бірнеше адам жеткілікті. Кішкентай кеңістіктің өзінде қақпаны таспен белгілеп, ойнап кетуге болады. Оны бұқаралық спорт ретінде дамыту да жеңіл. Әр ауылда үлкен стадион салудың қажеті жоқ. Жасанды шөбі бар шағын алаң – көп қаражат пен уақытты талап етпейді. Ал онда 4 не 5 адамнан команда құрып, үлкен де кіші де ойнап кете береді. Сондықтан футболдың миллиондаған қаржы айналатын әлемдегі ең танымал спорт түрі болуы бекер емес. Стритбол, яғни баскетболдың шағын нұсқасы да оны адамдарға қолжетімді етіп бейімдеуден туындаған.

Сол секілді, Алматыда қазақтың ұлттық ойыны жаңа форматта ойналып жүр. DAUKEY KOKPAR CLUB оқу-спорт клубының бастамасымен көкпар ауылдық жерде де, қалалық стадиондарға да бейімделген жаңа форматы әзірленді. Оның дәстүрлі көкпардан айырма-

шылығы – 100мх50м алаңда іші шөппен толтырылған екі қауіпсіз қазандық қойылып, үш те үш форматында ойналады. Сондай-ақ, мұнда ешкі ұшасының орнына халықаралық спорт ұйымдарының барлық талаптарына сай келетін былғары муляж қолданылады. Көкпардың бұл түрінде 5 төреші болады: бас төреші, алаңда жүретін үшеуі және хаттама толтырушы.

Жоба аясында JKL 3x3 – Жастар көкпар лигасы құрылған. Лиганың атқарушы директоры Нұрбол Бөрібек жаңа форматтағы көкпардың әлемдік ат спорты түрлерінің қатарына енетіндей әлеуеті бар екенін атап өтті.

– Бұл формат логистикалық тұрғыдан өте ыңғайлы. Ол ауылдық жерлер мен қалалық ортадағы футбол стадиондарында көрермен жинап, тартымды шара өткізуге мүмкіндік береді және үлкен шығындарды талап етпейді. Сондай-ақ, бұл ойынды халықаралық ат спорты әлеміне енгізуге мүмкіндік береді. Аталған формат шағын футбол немесе стритбол форматына ұқсас. Ол ат полюсы секілді әлемдік ат спорты түрлерінің қатарына енсе екен дейміз, – деді Жастар көкпар лиганың атқарушы директоры Нұрбол Бөрібек.

Жалпы, 3x3 көкпардан алғашқы турнир 2016 жылы өткізілген. Ал Daukey Kokpar клубы Алматыда 2018 жылы құрылған. Қазір мұнда Алматы әкімдігінің қолдауымен балаларға арналған ат спорты секциясы ұйымдастырылып, жасөспірімдер мен жастарды, сон-

дай-ақ ниет білдірушілердің барлығын атқа мінуге және көкпар ойынына баулу жаттығулары өткізіледі. Бүгінге дейін аталған клуб Алматының 5 университетімен бірлесіп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Спорт академиясының футбол алаңдарында жаңа формат бойынша көкпардан жарыстар өткізген. Одан бөлек, Қазақстан Елшілігінің қолдауымен Францияның Фонтенбло қаласында жаңаша бейімделген ұлттық ойын ойналды.

Дегенмен, еліміздегі көкпар сүйер қауымды ғана емес, шетелдік көрермендерді де тәнтіп етіп, 10 жылдан бері ойналып келе жатқан спорт түрінің ережелері қазірге дейін ресми бекітілмеген. Жастар көкпар лигасы атқарушы директоры Нұрбол Бөрібектің айтуынша, бұл рәсімдерді орындауға не кедері болып келе жатқаны белгісіз.

– Спорт және туризм министрлігі – құзыретті орган. Бірақ 3x3 форматының бекітілуіне не кедергі екені белгісіз. Қазандық болғаны үшін бе? Қазақстанда үлкен көкпар қазандықпен ойналып келген, 2017 жылы алынып тасталды. Бірақ біз қалдырамыз деген шешім қабылдадық. Себебі, қазандықпен көкпар қызық, көрермендер көп жинайды. Қауіпсіздік жағынан алсақ, бізде қазандықтар кәдімгі шөптен жасалған, атқа да, адамға да қауіпсіз, – деді ол.

Сондықтан Daukey Kokpar клубы мен Жастар көкпар лигасының өкілдері құзыретті органдардан жаңа форматтағы ұлттық ойынның ережелерін бекітіп, оған қолдау көрсетуді сұрайды.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ – 90

ТОРҚАЛЫ ТОЙДЫҢ ТАРТУУЫ

Биыл шаһарымыздағы Алмалы ауданының құрылғанына 90 жыл толады. Мерейлі белесті аудан тарабы түрлі мәдени-спорттық іс-шаралармен атап өтуде. Айталық, футболдан аудан мектептері арасында өткен жарыс мерейтоймен қатар салауатты өмір салтын насихаттады. Әрі білім беру ұйымдары арасындағы достықты арттырып, оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырған іс-шараға айналды.



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

Рая
ЕСКЕНДІР

Доп додасына Алмалы ауданының 30 мектебі белсене қатысты. Бұл күні спортшылардың

біркелкі киімінің өзі мерейтойының маңызын айшықтап тұрды. Шешуші сайыстар Ш.Смаханұлы атындағы №62 мектепте өтіп, Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Ербол Қалдарбеков жеңімпаздарды марапаттады.

Марапаттау кезінде аудан әкімінің орынбасары қатысушыларды Наурыз мерекесімен құттықтап, қала дамуына айтарлықтай үлесін қосып отырған ауданның бүгінгі аяқ алысын, тұрғындардың тыныс-тіршілігі жөнінде баяндады. Соңында жеңімпаздарды арнайы құттықтап, сыйлықтарын тапсырды.

Алмалының 90 жылдық мерейтойға арналған футбол жарысында I орынға –500 000 теңге, II орынға 300 000 теңге, III орынға 200 000 теңге ақшалай сыйлық табысталаып, барлық қатысушылар арнайы диплом мен сыйлықтарға ие болды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыдағы ардагерлер арасында тоғызқұмалақтан «NAURYZ CUP» турнирі өтті. Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өткен іс-шара Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Алматы қалалық Ақсақалдар кеңесінің бастамасымен, сондай-ақ, қалалық Тоғызқұмалақ федерациясының қолдауымен ұйымдастырылды.



Аязжан
СЕРІКҚЫЗЫ

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА САЙЫС ӨТТІ

Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталған турнир бастан-аяқ тартысты әрі қызықты болды. Ардагерлердің басын біріктірген ақыл-ой сайысы ұлттық зияткерлік спортты насихаттау, ардагер спортшылардың белсенді өмір салтын қолдау және ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуды мақсат еткен.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, қатысушылар жеке есеп бойынша сынға түсіп, әр кезек ойын нағыз

интеллектуалдық тартысқа ұласты. «Қазақстан ұйғырларының республикалық этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Долкунтай Алиев кезекті жарысты «Аға буынның кейінгі ұрпаққа үлгі көрсетуі» деп бағалады. Әрі мұндай ақыл-ой сайысының қоғамдық маңызы зор екенін жеткізді.

Ұлттық спорт түрінің болашағына тоқталған Қазақстан Тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті Болат Оспанов

тоғызқұмалақ шахматтан да күрделі ақыл-ой спорты екенін айтты.

– Мұнда терең ойлау, дұрыс шешім қабылдау маңызды. Біздің мақсат – ұлттық ойынды дамытып, болашақта оны әлемдік деңгейге, тіпті Олимпиада ойындарының қатарына қосу, – деді Болат Оспанов.

Ардагерлер арасындағы жарыс тек жеңімпаздарды анықтау емес, уақыт пен ұрпақ арасын жалғаған алтын көпір ретінде есте қалды.



**Уақыттан қатал,
уақыттан ымыра-
сыз, сөйте тұра сол уа-
қыттан әділ және одан
қымбат не бар екен?!
Жазылмастай жараны
жазып, құтылмастай
құрдымның өзін жұтып
жіберетін, ертелі-кеш
жақсы мен жаманның
парқын ажыратып,
түптің түбінде әрқайсы-
сына лайықты бағасын
беретін де сол уақыт
емес пе?!**



ШЫН ЗИЯЛЫ

Заманалар өте келе белгілі бір дәуірдің демі, қалыптасып қалған түрлі қасаң қағидалары сол уақыттың шаңына көміліп, келмеске кетіп жатады. Кейінгіге аманат болып тек атқарылған еңбек, құнын жоймайтын рухани мұра мен соны тудырған жандардың ғана есімдері сақталып қалады, мәңгілікке шеру тартады. Орынды-орынсыз атақтар, түрлі марапаттар, жөнді-жөнсіз мақтау сөздер сынды әл-Фараби айтатын «жалған дүниенің атрибуттары» тек өз заманында ғана өзекті. Уақыттың тегершігі айналып түскенде, кешегі «аузымен құс тістегендер», «ұлы» деп тамсанғанымыздың біразы тарих көшінде шаң қауып, ұмыт болып жатады...

2017 жылдың ақпан айында талантты жамбылтанушы, аса көрнекті әуезовтанушы ғалым Рафат Әбдіғұлов дүниесін тастады. Осы жылдың 21 наурызында 75 жасқа толушы еді. Ғылыми атағы, басқа да ресми марапат-сыйлықтары болмаса да, ол кісі қазақтың рухани үшін аянбай тер төккен, артына мол мұра қалдырған нағыз білімгер және еді. 66 жыл саналы ғұмырының ең соңғы сәтіне дейін ізденумен, еңбектенумен өткен шын зиялы адам болатын.

Рекеңмен біздің таныс-білістігіміз 90-жылдардың орта шенінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында басталған еді. Институтқа қарасты М.Әуезовтің музей-үйінде басталған әріптестігіміз, кейін ерекше сыйластыққа, бауырдай жақындыққа ұласқан болатын. Ол кісінің мезгілсіз дүниеден озғанын естіген, танып-білетін жандардың барлығы бірдей қатты қайғырып, ерекше бір күйге түсті. «Дүние – жалған» десті...

Алғаш көргенімізде, қырықтың қырқасына шыққан ағамыз отызға жетер-жетпес жігіт секілді тым серке көрінетін. Ұзын бойлы, артық еті жоқ денесі тіп-тік болатын. Кейін алпыстан асып, одан зейнет жасына жеткенде де ол кісі сол ширақ қалпын, жігіттік табиғатын сақтап қалды. Оны шал деуге ауыз бармайтын, сол жігіт күйінде дүниеден озды...

Рекеңнің бүкіл ғұмыры өзгелердің бақыты үшін, айналасындағы жандардың жайлы, жақсы өмір сүруіне арналғандай болады да тұрады. Өзінің өмір жолын ол кісі өте қызықты етіп айтатын. «Институттан кейін Балқаш ауданының Желтораңғы ауылына мұғалім етіп жіберді. Ол жерде жақсы еңбек еттім. Бірақ жатсам-тұрсам «Жамбыл музейіне қызметке тұрсам, Жамбылдың өмірі мен шығармашылығын зерттесем» деген ой көкейімнен бір кетпей қойды. Аудан деңгейіндегі сол кезең үшін жоғары саналатын бірнеше лауазым-

ды қызметтерді ұсынды, соның бірде-біріне көнбей, ақыры дегеніме жеттім ғой» дейтін. Жамбыл музейінде қызметте жүргенінде ғылыми атағы бар, аталастарына сыйлы, әйтсе де, өзгелердің пікірімен санаса қоймайтын бір ағасымен Рекеңнің «аузы пісе» қоймапты. Жалған сөзге жаны қас, жалпақтауды білмейтін жанның жүріс-тұрысы, терең білімі, тым еркіндігі «ағасына» ұнай қоймаса керек. «Жамбыл музейінен кетуіме сол себеп болды» деп отырушы еді. Есте сақтау қабілеті ерекше болатын, өмірдегі көріп-білгенін бүге-шігесіне дейін жіліктеп, тәптіштеп айтатын.

Ағамыздың ауылына, туған ортасы мен адамдарына деген ықылас-пейілі айрықша болатын. Жайшылықта көнбіс, мінезі ауыр көрінетін ағамыз өз ауылына, еліне қатысты қандай да бір оғаштау әңгіме бола қалса, арқаланып шыға келуші еді. Әдетте ол кісі кез келген мәселеге қатысты әңгімелерін «Біздің ауылда...» деп орағытып әріден бастар еді. Бір оқиғаға немесе әлдебір кісіге қатысты сол ауылдағы тақырыптан өрбіген әңгімеге біртіндеп Л.Толстойдың, А.Чехов пен И.Буниннің, басқа да әлем әдебиетінің кейіпкерлері қосыла бастайтын. Әңгіме барысындағы теңеулері, салыстырулары өте дәл әрі қызықты болатын. Өзіне жақын құбылыстар мен кейіпкерлерді сипаттай келе, соңында философиялық ой түйілетін. Екі тілге де өте жетік еді. Бірде жұмыс бабымен академик М.Қаратаевтың үйіне барғанын жиі есіне алып отыратын, ол кісі қандай кітаптар оқығанын сұраса керек. Содан Рекең өзі оқыған барлық орыс-қазақтың классикалық әдебиетін, теориялық еңбектерді тізе жөнелсе керек. Сонда М.Қаратаев: «О, қалың-қалың кітаптар оқыпсың ғой, бала!» депті. Сол бір сөзді әзілдеп жиі айтты отыратын.

Ойлы, ешқашан жеңіл-желпі сөз айтпайтын салмақты жан болатын. Әңгіме айта қалса, жүйе-жүйесімен, дәлелдерімен сөйлейтін. Қандай ортада болмасын әлдебіреулердің ретсіз сөзі немесе оғаш қылығына сырттай отырып ыңғайсыз күйге түсіп, ұялып-қысылып отыратын. Бірде ғылыми конференцияның материалдары жарияланып, бір жас аспирант Рафат ағаның ертеректе жарық көрген мақаласын сол күйінде көшіріп, өз атынан жариялап жіберіпті. Әлгіні көрген Рекең өзі ұрлық істегендей қарадай қысылып: «Ойпырмай, мынау ұят болды-ау! Енді не істеймін!?» деп шарасыз күйге түскені бар. Ешқашан өзінің лауазымды жандармен таныстық-білістігін, туыстығын жариялаған, бұлдаған жан емес. Қайта сондай әңгімелерден аулақ жүргенді қалайтын-

дай көрінетін. Тіпті, бір тұзы жеңілдеу жігіттердің «Сенің орнында болсақ біз өйтер едік, бүйтер едік» дегенін талай естідік. Сонда да селт етпей, жымиятын да қоятын. Достыққа мейлінше адал болатын және достарын әрдайым мақтанышпен айтып отыратын.

Өмірінде шылым шегіп, ішімдік ішпейтін, басы артық дырдуға жаны қас Рекеңнің негізгі уақыты еңбекке, үздіксіз ізденуге арналды. Мерзімді баспасөзден бастап, көркем шығармаларды, түрлі танымдық кітаптарды тұрақты оқып жүретін. Кез келген мәселеге қатысты өзіндік ой-пікірін, ғылыми тұжырымын білдіріп отыратын. Келіспейтін мәселесін ашық айтып, конструктивті пікірталасқа әрдайым дайын тұрушы еді. Жанында үнемі басы артық қомақты ақша жүретін. Бірақ сол қаражатын әрдайым асқан үнемшілдікпен жұмсайтын еді. Әңгіме арасында, 90-жылдардағы дүрбелеңде жинаған бірақ қаражатының түкке алғысыз болып күйіп кеткенін айтатын. Онда да бір реніш-өкпемен емес, «солай болуы керек еді» дегендей. Ол кісі жиырма жылдай өзінің туған ауылы Музей Жамбылдан Алматыға қатынап жұмыс істеді. Қонаққа, тауға мінетін автос-костан көлігі бола тұра, қалаға үнемі автобуспен қатынайтын.

Машина демекші, ертеректе ол кісі бір журналдан француздың әйгілі «Ситроен» атты автокөлігін көріп қалса керек. «Содан әлгі машинаға қатты көңілім кетті» деп жүретін. Күндердің күнінде ол кісі ақыры сол өзі көкसेген «Ситроенді» алып тынды. Сөйтсе, ол бір жерден тек ауамен ғана көтерілетін, жайшылықта жерге жатып қалатын, қосалқы бөлшегі аз өте сирек кездесетін машина екен. Не сүйреуге көнбейтін, кез келген жерде жөндеуге келмейтін сол көлікпен Рекең біраз әуре-сарсаңға түсті. Бір үйдің адамдарындай болып кеткен бүкіл музей ұжымы көліктің әурешілігіне ол кісімен бірдей қиналып жүрдік. «Қап, мынау бір сау басына сақина болды-ау» деп үлкенді-кішіміз бір-бірімізге айтып қоямыз. Эвакуаторға салып алып бірде анда, бірде мында тасыған сол машина ақыры дұрыс жүре қоймады, басына құр бейнет болды.

Күндердің күнінде Рекең әлгі машинаны қайта сатып жібергенін айтқанда, барлығымыз арқамыздан жүк түскендей «уһ» деп бірге қуандық. Содан бірнеше күннен кейін жұмысқа келген Рекең жымиып күліп: «Ұят болды» дейді. Бәріміз «Не боп қалды!?» десіп жатырмыз. «Ыңғайсыз болды, тағы алып қойдым» деп күледі. «Нені!?». «Ситроенді» дейді Рекең. Сөйтсек, тура сол өткендегідей, бірақ түсі басқа

сол маркалы машинаны тағы да сатып алыпты... Әріптестерді қинамайын деді ме, кейін ол туралы ләм-мим деп айтпайтын болды. Бірақ сол көлікті мініп жүргенін де ешкім көрген емес...

Ұзақ жылдар бойы жүйелі зерттеген Рекең Жамбылдың өмірі мен шығармашылығын өте терең білетін. Әсіресе, Сұраншы мен Саурық батырларға қатысты, Кенесарының Жетісу мен Қырғыздағы жорықтары туралы әңгімелеп отыратын. Қырғыздың Жаманқара атты батырын Саурықтың «ақүйлі» етіп ұстағанын оны Наурызбайдың қалай өлтіргенін тарихи деректерге сүйене отырып жүйелі баяндайтын. Рекең жамбылтану саласында өнімді еңбек етті. Әйтсе де, өзі жинаған, ауызша жиі айтып жүретін көптеген тарихи деректері әлі де ғылыми айналымға еңбеген күйі қалды ма деген ой келеді. Себебі, сол ортаның өткен тарихы мен бүгінгісін, адамдардың қарым-қатынасын жетік білетін Рекең Жамбыл шығармашылығына терең бойлай алды. 90-жылдары Жамбылдың өмірі мен шығармашылығына қатысты мерзімді баспасөздердегі шабуылдарға, жарық көрген қисынсыз пікірлер мен мақалаларға ғылыми негізде батыл тойтары беріп отырды. Сырт көз байқай бермейтін, жалпылама топшылaitын жерлерді Рекең тап басып, аңызы мен ақиқатын тарқатып айтатын.

Р.Әбдіғұлов еңбектерінің ең бір өнімді де маңызды тұсы – М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналды. 90-жылдардың ортасында музей-үйге ғылыми қызметкер болып келген ғалым осы жерде табан аудармай жиырма жылдай өнімді еңбек етті. Бір кездері М.Бөжеев, Б.Сахариев, К.Сыздықов, З.Серікқалиев сынды талантты ғалымдар еңбек еткен, рухани орта қалыптастырған музей жұмысына ол кісі белсене атсалысты. Т.Әкім, Т.Жұртбай, Б.Майтанов, Д.Қонаев, А.Қуанышбаев сынды ғалымдармен тізе қосып бірге өнімді жұмыс істеді. Бұл М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресін, артынан энциклопедиясын, 50 томдық академиялық басылымын дайындайтын айрықша кезеңге сәйкес келді. Р.Әбдіғұловтың ең үлкен тарихи еңбегі – М.Әуезов энциклопедиясын дайындауы болатын. Мыңдаған мақаланы тақырыбына сәйкес жазады деген мамандарға таратып беріп, соларды жинап, жалықпай жүйеледі. Сол мақалалардың жартысына жуығын өзі жазды. Осы еңбекті дайындауға 3-4 жыл өмірін арнады.

Сондай-ақ, 50 томның ішіне енген М.Әуезовтің жүздеген көркем шығармалары мен мақалаларына ғылыми түсініктемелер жазды. Ертеден кешке дейін жалықпастан кітапханаларда, музейдің қолжазба қорында отыратын. Соның нәтижесінде М.Әуезовтің бұрын-соңғы еш жерде жарық көрмеген көптеген еңбегі тауып, соларды ғылыми айналымға енгізді. Ернар Әуезовтің «Алакөл шағаласын» аударды. Олардың барлығын бірдей тізіп жату шарт емес, әйтеуір әуезовтанудағы ең соңғы жаңалықтардың негізгі бөлігін тауып, соларға ғылыми сипаттама беру бақыты Р.Әбдіғұловқа бұйырған болатын.

Құндылықтар өзгеріп, заманалар алмасып жатар. Уақыттың тезіне тек қана асылдың асылы, жақсының фибратты сөзі ғана төтеп берер. Мыңдаған жылдар өтсе де халықпен бірге мәңгі жасай беретін сондай ең басты құндылықтардың бірі болып М.Әуезов шығармаларының сақталып қалары айдан анық. Әрбір дәуірдің адамы өзінің өткені туралы немесе өз ортасын танып, келешегіне көз жіберетін келсе жүгінер киелісі де сол М.Әуезовтің туындылары болар. Адамның өзі дүниеден озса да, оның артынан барып тұратын сауапты істері қиямет қайымға дейін жалғаса береді дейді молдалар. Сол қасиетті томдардың ішіндегі М.Әуезов шығармашылығының ұңғыл-шұңғылын тереңнен таныған, солардың жарық көруіне тікелей ықпал еткен Р.Әбдіғұловтың да есімі келешекке бірге шеру тартып, ұрпақтар қажетін өтей бермек.



ӘЙЕЛДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

өзім қызмет істейтін Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаментінің 80 пайызын әйелдер қауымы құрайды, оның ішінде басшылық қызметін атқарып жүрген әйелдер саны да ерлерден басым.

Менің ойымша, басшылықта отырған әйел адамның басқару тәсілі де ер адамдарға қарағанда өзгеше келеді. Социологиялық терминдер бойынша басшы ер адам көбіне вертикалды басқаруға көңіл бөледі, яғни ережеге сай жұмысты басқарады, ал әйел адам керісінше қарамағындағы әрбір адамға жеке көзқарасқа сүйеніп жұмыс жасайды. Қандай да бір мәселені шешу үшін әйел адам әрқашан терең оймен келеді, ол қарамағындағы адамдардың ішкі жан-дүниелерін көре білгендіктен әрбір адаммен қалай қарым-қатынас жасау керектігін біледі, яғни олармен нақты түрде іскерлік әрекетті таңдай алады.

Әйел адам табиғатынан ұйымшыл және де тиімді жұмыс істеуге

құмар, себебі әйел-аналар, жауапкершілік олардың табиғатында бар. Сондықтан да әйел басшылардың саны көбейгені дұрыс деп ойлаймын. Әйел адам ерлермен тең қызмет етеді, жұмыстан кейін де қызметтері отбасы ошақ қасында жалғасады. Үй шаруасымен бірге балаларын дүниеге әкеліп, оларды мәпелеп бағып-қағып, тәрбиелеудің өзі орасан зор еңбек. Келешек ұрпағымыздың тектілігі, білімділігі, саналылығы анаың берген тәрбиесімен тікелей байланысты. Ойлаңызшы, әйел деген сөздің ішіне бар әлем сыйып тұрғандай. Жаратушы ием әйел затын сондай кең етіп жаратқандай.

Әйелсіз үй әйелсіз күн бекер ғой,

Әйелменен әлем сұлу екен ғой.

Адам біткен аңсап жүрген жылылық,

Әйелдердің қабағында екен ғой, –

деп ақиық ақын Мұқағали атамиз осы төрт шумақ өлең жолдарында әйелдердің айналасына жылулық сыйлайтын қасиетін сондай бір әдемі жеткізген. Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді деп атам қазақ бекер айтпаған. Дүниедегі барлық тіршілік атаулының Анасы-әйел. Сондықтан да әйел адамдарға қолдау көрсету, қамқор болу, құрметтеу – әрбір адамзаттың басты міндеті.

Мақала авторы: Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаментінің ерекше режимдегі жұмыстардың төлемдерін өткізу басқармасының бас маман – бас қазынашысы А.Қ.Әділбекова.

Мекенжайы: Алматы қ., Желтоқсан көшесі, 83.

Пошта: ai.adilbekova@minfin.gov.kz

Б.ЖИЕНБАЕВА, басшы орынбасары.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ, Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Аяжан ҚУАНЫШОВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

«Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурстың өткізілетіні туралы хабарлайды, конкурс өткізілетін орын: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4.

№ р/с	Медициналық ұйымдар атауы	Заңды мекенжайы/ Орналасқан жері
1	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№27 қалалық емхана» КМК	050027, Алматы қ., Наурызбай ауданы, «Ақжар» ы/а, Дәулеткерей көшесі, 140
2	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№28 қалалық емхана» КМК	050054, Алматы қ., Түрксіб ауданы, «Жас қанат» ш/а, 54/2
3	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес орталығы» КМК	050060, Алматы қ. Бостандық ауданы, Басенов көшесі, 2, 4-корпус
4	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Қалалық паллиативтік көмек орталығы» КМК	050040 (А15Г7НЗ), Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 295

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымындағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.

Байқау кеңестің мүшесі ретінде:

- өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
 - осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
 - бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
 - байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.
- Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

- конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;
 - мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
 - еркін нысанда жазылған өмірбаян;
 - кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
 - Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
 - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.
- Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4. Тел.: +7 707 247 16 06.
Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2026 жылғы 20 наурыз.
Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2026 жылғы 20 сәуір.
Конверттерді ашу күні мен уақыты – 2026 жылғы 20 сәуір.

Стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепті қарау туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 57-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – ЭТРМ) стратегиялық экологиялық бағалау жүргізу үшін келесі құжаттар (бұдан әрі – СЭБ материалдары) келіп түсті:

Қоса берілетін материалдардың тізбесі:

- 1-том. «Негізгі ережелер» түсіндірме жазбасы;
- 2-том. «Аумақтың сәулеттік-жоспарлау ұйымдастырылуы» түсіндірме жазбасы;
- 3-том. «Әлеуметтік-экономикалық негіздеме» түсіндірме жазбасы;
- 4-том. «Көше-жол желісі және көлік» түсіндірме жазбасы;
- 5-том. «Аумақты инженерлік жабдықтау. «Сумен жабдықтау және су бұру» түсіндірме жазбасы;
- 6) 5-том. «Аумақты инженерлік жабдықтау. «Газбен жабдықтау» түсіндірме жазбасы;
- 7) 5-том. «Аумақты инженерлік жабдықтау. «Телекоммуникациялар» түсіндірме жазбасы;
- 8) 5-том. «Аумақты инженерлік жабдықтау. «Жылумен жабдықтау» түсіндірме жазбасы;
- 9) 5-том. «Аумақты инженерлік жабдықтау. «Электрмен жабдықтау» түсіндірме жазбасы;
- 10) 8-том. «Алматы қаласының бас жоспарын түзету» жобасының келісімдер тізбесі;
- 11) «Алматы қаласының бас жоспарын түзету» жобасының графикалық альбомы;
- 12) «Алматы қаласының бас жоспарын түзету» жобасына стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есеп, есепке қосымшасымен бірге.
- 13) Стратегиялық экологиялық бағалау туралы хабарландыру.

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «Алматы бас жоспары» ғылыми-зерттеу институты» ЖШС.

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: «Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасы» КММ.

СЭБ әзірлеуге жауапты: Алматы қаласының әкімдігі.

СЭБ материалдары бойынша қорытындылар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға **шақырамыз:**
– жобаны жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және Сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?
– жоба бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына тигізетін қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?
– СЭБ қамту саласы бойынша есепте жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына тигізуі мүмкін айтарлықтай әсерлері туралы Сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?
– жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына тигізуі мүмкін әсерлеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстарыңыз бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2025-2040 ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау рәсімін өткізу мерзімі: 2026 жылғы 20 наурыздан бастап 2026 жылғы 18 сәуірге дейін (қоса алғанда).

Байланыс деректері:

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.
Экологиялық мәдениет және саясат департаменті.
Тел.: 8 (7172) 74-02-83, 74-08-90.
e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz, n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz
«Алматы бас жоспары» ғылыми-зерттеу институты» ЖШС.
Тел.: 8(727) 265-90-01.
e-mail: gp@almatygenplan.kz

Жазбаша түрдегі ескертулер мен ұсыныстарды электрондық түрде Министрлік кеңесінің k.kense@ecogeo.gov.kz электрондық поштасына жолдауға болады.

Құжаттарыңыздың Кеңсеге келіп түскенін міндетті түрде +7 (717) 274-08-44 телефоны арқылы нақтылау қажет.

Бас жоспар және СЭБ бойынша материалдар орналастырылған жерлер: Министрліктің сайтында («Қызмет» бөлімі – «Негізгі құжаттар» бөлімі – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі).

Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасының сайтында («Құжаттар» бөлімі) <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-uaig/documents/>

Газетіміздің келесі саны 27 наурыз, жұма күні шығады.



«ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!»

Құрметті «Almaty aqshamy» газетінің оқырмандары!

2026 жылғы басылымға жазылып, бағыңызды сынаңыз!

Биыл да «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық байқауының өз жазылушыларына арнаған бағалы сыйлықтары бар.

Байқау қатысушылары арасындағы сыйлықтарды ойнату және марапаттау рәсімі 2026 жылы 21 наурыз, сенбі күні сағат 15.00-де «Aport Mall East» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді. Мекенжайы: Алматы қаласы, Құлжа тасжолы, 106.

Ұтыс ойынына 2026 жылға арналған жазылым абонементтерін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен редакцияға жолдаған жазылушылар қатысады. Қатысу шарттары «Almaty aqshamy» газетінің 2025 жылдың төртінші тоқсанында, 2026 жылға жазылу науқаны барысында жарияланған.

Барлық сұрақтар бойынша «Таралым және жарнама» бөліміне хабарласуға болады: 293-08-12, 293-08-25, +7 707 948 73 78.

«АҚШАМ» САУАЛНАМАСЫ

Қыс аяғы ұзағанда «көктем қашан келер екен?» деген сұрақ әр алматылықтың көңілінде жүрген еді. Өз келіп, мәз болған шаһарда көктемнің шуағы анық сезіле бастады. Осыдан сәл ғана бұрын «Ақшамның» жыл сайынғы «Көктемді күтіп жүрсіз бе?» деген дәстүрлі сауалын жолдап, елге белгілі азаматтардың жылы лебізін жинаған едік.

КӨКТЕМДІ КҮТІП ЖҮРСІЗ БЕ ?



Суретті түсірген Сауат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бейбіт ОРАЛҰЛЫ, композитор:

Адамдардың жүрегіне жылылық сыйлайды

Мен өзі жылдың қай мезгілін де ерекше жақсы көремін. Әр мезгілдің өзіндік үні, өзіндік орны бар. Ал енді көктем дегеніңіз – бұл үміттің мезгілі. Қыстың қатаңдығынан кейін табиғаттың қайта жанданып, тіршіліктің жаңа тыныс алуы адамдардың да жүрегіне жылылық сыйлайды. Сондықтан да «Көктемім қашан келер екен?» деген сөз тек табиғатқа ғана

емес, адамның ішкі әлеміне де қатысты сияқты. Иә, әркім өз көктемін күтеді. Мәселен, көктемнің келуі біреу үшін – жаңа мүмкіндік, біреу үшін – сағыныштың соңы, ал біреу үшін – өмірдің жаңа парағы.

Бәлкім, көктемнің ең үлкен құпиясы да осында шығар. Ол белгілі бір күнтізбелік күнде ғана келмейді. Көктем алдымен адамның жүрегіне келеді. Мен сонау жастау кезімде осы көктем жайында біраз әндер жазған едім. «Алғашқы көктем», «Сол бір кездер», «Нұр бейнең» деген сияқты әндерім бар. Өзім 200-ден астам ән жазсам, дені махаббат, жастық шақ, көктем тақырыбына жазылған екен.

Роза РЫМБАЕВА,
Қазақстанның Халық әртісі:

Сахнадағы өміріме ширек ғасыр

Менің өмірімде көктемнің орны ерекше. Осыдан 50 жыл бұрын өнердегі жолымды мамыр айында бастаған едім. Ұлы Жеңістің 30 жылдығына арналған «Ән жауынгерлік сапта» деген конкурсқа қатысып, жеңімпаз атандым. Содан бері

осы сахнада, сапта келемін. Халқымды өнеріммен, әніммен тербегеніме де жарты ғасырдан асыпты. Жалпы, көктем – мен үшін де аса белсенді уақыт. Бұл кезде адамдардың да көңіл күйі көтеріліп, жаңа жобалар бастауға деген ынта артады. Сондықтан болар, бұл мезгілді көпшілік өзгеріс пен даму уақыты деп қабылдап жатады. Жалпы, көктем адамның эмоционалдық жағдайына да оң әсерін тигізеді. Ал өнер адамы ретінде бұл кезең өте жауапты дер едім.

Бүгін отбасымызбен біраз жоспарды іске асырғалы отырмыз. Гастрольдік сапарымды киелі Маңғыстау өңірінен бастап, 9 наурыз күні Ақтаудағы Н.Жантөрин атындағы драма театрда «50 жыл сахнада» атты жеке концерттік бағдарламамды ұсындым. Еліміздің тағы біраз ірі қаласын аралаймын. Айтпақшы, «Наурыз-думан» әнін орындағаным, биыл тура 37 жыл болады. Бұл да көктемнің хабаршысы. Наурыздың әнұраны.

Майра ИЛЬЯСОВА,
Қазақстанның Халық әртісі:

Жоспарым өте көп

Қазір Семейде жүрмін. Биылғы қыстың қатты болғаны сондай, мұнда әлі сары аяз екен. Көктемнің шеті де көрінбейді. Содан да болар, «тезірек көктем келіп, жаз шықса екен» деп жүрген жәйім бар. Жақында ғана Астанада мерейтойлық «Жан анам» атты концертім өтті. Көрермендердің сұрауына орай, бір күнде екі концерт бердік. Әрине, бір күнде екі концерт беру деген оңай емес. Бұл менің жеке жобам ғой. Менің әзиз анама, барша аналарымызға деген перзенттік көңілім. Өте жоғары деңгейде өтті. Жалпы, менің биыл жоспарым өте көп болып тұр. Сәтін салса, 9 мамырда Алматыдағы Республика сарайында «Сағындырған әндер-ай» концертін өткізгелі отырмыз. Бұл өте үлкен жоба. Қазір соған дайындық жасап жатырмыз.

Гүлмира НӘЛІБАЙ, радиожүргізуші:
Сағынып жүрмін

Көктемді күтіп жүрмін. Бұл мезгілді біз, әсіресе, нәзік жанды арулар асыға күтеміз. Себебі, бастауында Әйелдер мерекесі. Ештеңеге қарамай бірінші күннен елді құлағдар етіп, «тосын сый жа сауға дайынсыздар ма? Құшағымыз гүлге толатын болсын», – деп азаматтарға тапсырма беріп, құлағдар етеміз. Көктемнің сәні – гүлдер ғой. Көшеде, дүкенде, гүл базарларындағы әртүрлі гүлдерге қарап өзімнің есімімнің «гүл» деген сөзбен басталатынына қуанам. Ата-анам «әлемнің, бейбітшіліктің гүлі болсын» деп жақсы ниетпен ырымдап қойған екен.

Бүгінде «Шалқар» радиосындағы әуе толқынында сайрап отырған гүлмін! Шүкіршілік деймін! Барша аяулы жандарға көктемнің көркем мерекесі құтты болсын! Құшақтары гүлге, жүздері нұрға, өмірлері қуанышты, бақытты сәттерге толы болсын. Сіздер бақытты болуға лайықтысыздар және бақыттысыздар. Көктемді жылда күте берейік. Ол өз кезегімен, сән-салтанатымен, өмір базарымен жете берсін!

ТҮЙІН:

Қазақ үшін көктемнің жөні тіпті бөлек, орны ерекше. Дегенмен, соңғы жылдары климаттың өзгеруі көктемнің келу мерзіміне де өз әсерін тигізіп отыр. Мәселен, Қазақстанның гидрометеорологиялық қызметінің дерегіне сәйкес, соңғы 20–30 жыл ішінде орташа температура біршама жоғарылаған. Кей өңірлерде көктем ертерек басталса, кей аймақтарда керісінше суық ұзаққа созылып жатыр. Сөйтсе де, Өз келген шақта, жердің де, көңілдің де сызы кетіп, барша жанның жүрегіне жылу ұяласын. Мерекелеріңіз мерейлі болғай!

Көктемді асыға күткен – Рая ЕСКЕНДІР.